

№33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебінің педагог-психологының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылындағы педагог-психологтың жұмысының есебі.

Ұйымдастырушылық – әдістемелік жоспарда мектептегі педагог-психологтың іс-әрекеті бекітілген жылдық жоспар мен лауазымдық міндеттеріне сай, нақты жалпы мектепшілік жоспарды ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес құрылды. Бұл жағдай педагог-психологтың жұмыс әрекетіне біршама өзгерістер әкелді.

Педагог-психологтың жұмысының негізгі мақсаты болып, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау; білім беру мекемесінде жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру және оқушылармен олардың ата-аналарына және педагогикалық құрамға психологиялық қолдау көрсету. Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыты болып келесі тәжірибелік міндеттер анықталды:

– оқушылардың тұлғалық және интеллектуалды дамуына, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуды қалыптастыруға ықпал ету;

– әр оқушыға оның психологиялық-педагогикалық тұлғасын зерттеу негізінде жеке көзқарас;

– оқушылардың мәселелері мен психологиялық қиын жағдайды шешу бойынша, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша психокоррекционды жұмысты іске асыру;

– ата-аналар мен педагогтарға психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оптималды әдістерін таңдауда кеңес беру;

– педагогтардың психолого-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

- психолого-педагогикалық кеңес беру;

- Ағарту қызметі;

- коррекционды-дамыту жұмысы;

- әдістемелік жұмыс.

Диагностикалық жұмыс есебі: Педагог-психологтар: Б.Кожамбердиева М.Рысбек 5-ші сыныптардың бейімделуі. Мақсаты: оқушылардың жаңа ора мен жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделудегі ерекшеліктері мен деңгейін зерттеу. Оқушылардың бейімделуін қамтамасыз ету басты міндетіміз. Психологтың диагностикалық зерттеуі болып жалпы психофизикалық дамуына бағытталған. Сонымен қатар, эмоционалды-жігер сферасы, оқу мотивациясы, зерттеу нәтижесі бойынша педагогтар мен ата-аналарға ұсыныстар мен памяткалар таратылды. Жүргізілген әдістемелер:

Н.Г. Лусканованың мектептегі мотивация деңгейін анықтайтын анкетасы, Филлипстің мазасыздық тесті. Барлық диагностикалық зерттеулер нәтижесі Н.Г. Лусканованың мектеп мотивациясы әдістемесі бойынша 5-ші сыныптар, оқушылар бір негізгі мұғалімнен «сынып жетекші- пән мұғалімдері» жүйесіне өтеді, сабақтар әдетте әр түрлі кабинеттерде болады. Ал біздің жағдайымызда оқушыларға екі есе қиын, себебі оқушылар бейтаныс жаңа мектеп, жаңа ортаға келеді. Оларда тек жаңа мұғалімдер ғана емес, жаңа сыныптастар да пайда болады. Зерттеу нәтижесі. Филлипстің мазасыздықты анықтау тесті. Зерттеуге 5- ші сыныпта оқитын 138 оқушы қатысты. Алынған мәліметтер келесі кестеде көрсетілген: I кесте. «Мектептегі мазасыздықты диагностикалау» (Филлипс тесті) Деңгей

Деңгейдің сипаттамасы Жалпы саны % I Деңгей (25 - 30) Мектептік мотивациясының жоғары деңгейі 54 оқушы 82% II Деңгей (20 - 24) Жақсы мектептік мотивация 60 оқушы 42% III Деңгей (15 - 19) Мектепке деген жағымды қатынас 85 оқушы 88% IV Деңгей (10 - 14) Төмен мектептік мотивация 0 оқушы 2% V Деңгей (10-нан төмен) Мектепке деген негативті қатынас, мектептік дезадаптация 0 оқушы 0% 0% 10% 20% 30% 40% 50% 60% 70% 5 "А" 5 "Ә" 5 "Б" 5 "В" 5 "Г" 65% 52% 60% 63% 70% 5-ші сыныптар арасында «Мектептегі мазасыздықты диагностикалау» зерттеуінің нәтижесі (Филлипс тесті) 5 сынып оқушыларының сынып жетекшілеріне оқушылардың жаңа ортаға бейімделуіне байланысты бірнеше кеңестер берілді.

5-11 сыныптар бойынша әлеуметтік сауалнамалар алынды.

Психолог-педагогикалық кеңес беру қызметінің есебі. Нақты жағдайда білім беру үрдісінің субъектілеріне (оқушылар, педагог, ата-ана) пайда болған мәселелерді шешуге көмек беруге және оқу үлгерімінде қиындықтар барысында, білім алуға ықпал ететін өзара қарым-қатынас шеңберінде пайда болған сұрақтарды шешуге бағытталған әрекеттер жиыны деп қарастыруға болады. Кеңес беру психологиялық сау тұлғаларға бағытталды. Жыл бойы өздерін жақсы сезінетін, бірақ ары қарай тұлғаның дамуы үшін мақсат қоятын, өмірлік міндеттерді шешудің тиімді жолдарын іздеген оқушылар да, педагогтар да, әсіресе сынып жетекшілер мен ата-аналар кеңес алды. Психологиялық кеңес беру келесі негізгі мақсаттарды көздеді: беру үрдісі субъектісінің (оқушылар, педагог, ата-ана) барлық объективті қиындықтарға қарамастан, мінез-құлқының өзгеруіне, оқу үрдісінен қанағаттана алатындай сапалы өмір сүруге ықпал ету;

Кеңес беру келесі бағыт бойынша іске асырылды:

- 5-сынып оқушыларымен, мұғалімдерімен және ата-аналарымен орта буынға өту және дезадаптацияның алдын алу бойынша;

- 9,11 сынып оқушыларымен және ата-аналарымен орта буынды және 11 сынып оқушыларының ҰБТ –ге дайындалудағы мәселелер бойынша;
- Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, мұғалімдер мен ата-аналар сұраныстары бойынша;

Оқушылармен, сынып жетекшілер және ата-аналармен келесі тақырыптарда профилактикалық әңгімелер жүргізілді: «Бала күйзелісінің алдын алу», «Бос уақытты бірге қалай қызықты өткізуге болады?», «Оқушылардың психикалық денсаулығы», «Интернет және Мен», «Буллинг және кибербуллинг, алдын алу жолдары». 5-ші және 9-сынып оқушылардың сынып жетекшілерімен және ата-аналарымен, педагогтармен, ата-аналармен және оқушылармен әңгімелесу жні жүргізіліп отырды. Конультацияда қозғалған мәселелер көбіне келесі бағытта болды:

- Мінез-құлықтық;
- эмоционалды;
- қақтығыстық;
- диагностикалық.

Ағарту іс - әрекеттерінің есебі.

Қыркүйек айында оқушыларымен «Мен бесінші сыныпта оқимын» тақырыбында семинар өткізілді. Жетекшілер, және 5-сынып оқушылары қатысты. Жауаптылар мектеп педагог-психологтары. Қатысқан оқушылар саны 94. Тренинг барысында оқушыларға өмір құндылығы туралы ақпарат берілді, мотивационды бейнеролик көрсетілді.

2023 жылдың қыркүйек айында сынып оқушыларымен «Сен агрессияны қалай жеңесің?» тақырыбында тренинг жүргізілді. Оқушыларға агрессияны игеруге байланысты бейнеролик көрсетілді. Іс-шара мақсаты: Оқушыларға агрессия және оның түрлері туралы ақпарат беру.

2023 жылдың қазан айында 7-сынып аралығында «Эмоционалды интеллект» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: оқушыларға эмоция мен сезім-адамның айналадағы өмір шындығына тигізер әсері туралы түсінік беру және эмоция мен сезімдерді қалай басқаруға болатындығын үйрету.

2023 жылдың қазан айында 11-сынып оқушыларымен «Мазасыздықты түсіну» атты тақырыбында семинар тренинг өткізілді. Тренинг Іс-шараның мақсаты: «мазасыздық» түсінігі, мазасыздықтың пайда болу себептері және балалармен алдын алу жұмыстарының тәсілдерімен таныстыру, балалармен жұмыс істеудің тиімді әдіс-тәсілдеріне үйрету.

2023 жылдың қараша айында «Қарым-қатынаста мен қандаймын» атты тренинг жүргізілді. Мақсаты: топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынысатың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Оқушыларға арнайы дайындалған слайдтармен, ақпараттармен таныстырып, пікір алмастырылды. Сондай ақ «Мамандық әлеміне саяхат» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылар психологтарына арналған тренинг олардың бойындағы мынадай маңызды сапаларды: кәсіби іс-әрекеттердің эффективті индивидуалды стилін қалыптастыру; оқушылармен, олардың ата-аналарымен, басшылықпен, әріптестерімен сонымен қатар өз отбасы мүшелерімен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуын қалыптастырып, дамыту үшін қажет.

Коррекционды-дамыту жұмысының есебі

Жыл бойы жоспар негізінде бірнеше бағытта түзету- дамыту сабақтары жүргізілді. 9 сыныптар арасында «Зорлық зомбылық балалық шак», «Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу» сабағы, «стоп буллинг» акциясы, 11 сыныптар арасында «ҰБТ-ге сеніммен барамыз», «Үміт, сенім алға жетелейді» тренингтер өткізілді. Мектеп қыздарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу, Қыз өссе елдің көркі, Қызға қырық үйден тиым» әңгімелер, тренинг, баяндамалар оқылды.

Ағартушылық бағыттағы өткізілген сабақтар тақырыбы:

«Ата-ананың алақаны балаға саялы бақ»- Ата-аналармен

«Мейірімділік сыйла» челлендж - Оқушылар

«Мазасыздықты түсіну» Оқушылармен

Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы

Әдістемелік іс-әрекетінің есебі

Әдістемелік қызмет оқу жылының басынан бастап жыл бойы

жұмыс жоспарына сай іске асырылды.

Бейімделу кезеңінде 5,6,7,8,9,10 сыныптарының сынып сабақтарына сәтті

бейімделуге ықпал ететін негативті факторларды анықтау мақсатында

қатыстық. Сабақтарға қатысу қорытындылары бойынша пән мұғалімдері мен

ата-аналарға, сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

Сынып жетекшілер мен ДТЖО сұраныстары бойынша қиын балалармен жұмыстар жүргізіліп, психолого-педагогикалық және түзету жұмыс карталары жасалды, осы категориядағы балалармен жұмыс жүргізу бойынша педагогтарға ауқымды ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Оқушылардың интеллектісін, эмоционалды – рухани дамуын, мотивационды және ерік-жігер сферасын және әлеуметтік өзара қарымқатынасын зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістемелер қоры толықтырылып, басқа категориядағы папкалар жаңартылып, құжаттар реттелді.

Қорытындылар мен ұсыныстар.

1. Сынып жетекшілерге – ұйымшыл, достық қарым-қатнасты нығайтуға бағытталған сынып сағаттарын, ата-аналармен біріккен іс-шаралар сағатын көбейту.
2. 5-8сыныптармен әрекеттесетін пән мұғалімдеріне – оқушымен олардың сынып жетекшілерімен, ата-аналарымен жұмыстарын келісіп жүргізсе.
3. Ата-аналарға – өз балаларыңызды тәрбиелеуде олардың мектеп өміріндегі оқуындағы жетістіктерін жоғары қызығушылық танытса.

Жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Білім беру үрдісіне қатысушыларының психологиялық құзыреттілік деңгейін көтеру, ата-аналарды араластыру арқылы жағымды және психикалық қолайлы әлеуметтік орта құру;
2. Қиын жағдайға (зорлық-зомбылыққа) тап болған балаларды анықтау, қиын балаларды анықтау.
3. Педагог-психологтың әдістемелік базасын толықтыру;

Педагог-психолог: Б.Кожамбердиева

Педагог-психолог: М.Рысбек